

**Астана қаласының мәслихаты мен
«ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс»
республикалық қоғамдық бірлестігі арасындағы
өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Астана қаласы

2024 жылғы «17» шілде

Астана қаласының мәслихаты, мәслихат төрағасы Ерлан Ермекұлы Каналимовтың атынан, Ереже негізінде әрекет ететін, бір жағынан, және «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Рахметуллаевич Рахметуллинның атынан, екінші жағынан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар, құзыреттер шеңберінде төмендегілер туралы осы Меморандумды жасасты:

1. Меморандумның мәні

1.1. Осы Меморандумның мәні азаматтық қоғам мен халықтың қатысуын жандандыру жолымен мемлекеттің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзара іс-қимыл, сыбайлас жемқорлықтың пайда болу жағдайлары мен себептерін жоюға бағытталған құқықтық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық шаралардың тұтас жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

1.2. Тараптар арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі мақсаттары: қазақстандық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, азаматтардың сыбайлас жемқорлық көріністерінің барлық түрлерімен күресу бойынша елде өткізілетін іс-шараларға қатысу сезімін арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу.

2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

2.1. Мақсаттарға қол жеткізу үшін Тараптар өзара іс-қимылды мынадай бағыттар мен нысандарда жүзеге асыруға ниетті:

тиісті мемлекеттік уәкілетті органдар жүргізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірыңғай мемлекеттік саясатқа қатысу;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзара қызығушылық тудыратын ақпаратпен жедел алмасуға жәрдемдесу;

азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кедергілерге немесе шектеулерге жол бермеуге жәрдемдесу;

азаматтардың мінез-құлқының сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделін және сыбайлас жемқорлықтан бас тартудың қоғамдық ахуалын қалыптастыру жөніндегі ақпараттық жұмысты жүргізу және оған қатысу

сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыруға ықпал ететін пікір көшбасшыларын тарта отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу және оған қатысу.

сыбайлас жемқорлықты қоғамдық қабылдамау және парасаттылық атмосферасын құру мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс қимыл жасау;

белсенді азаматтық ұстанымды, халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қажеттілігіне деген сенімін қалыптастыруға қатысу;

жұмыстың басқа шоғырландырылған формалары мен әдістерін жасау.

3. Өзара ниеттер

3.1. Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар:

өскелең ұрпақты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, оларға оқыту мен тәрбиелеу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дағдыландыру мақсатында жаңа көзқарастармен және өмірлік қағидаттармен тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар өткізуге;

Тараптарға жүктелген міндеттерді орындау мақсатында бірлескен бағдарламалар әзірлеуге, жұмыс топтарын құруға;

әр түрлі іс-шараларға, акцияларға, конференцияларға, зерттеулерге, дәрістерге, дөңгелек үстелдерге және Келісім тараптарының әрқайсысының басқа да жұмыс түрлеріне қатысуға;

сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс ретінде жоюға бағытталған бастамаларды қалыптастыруға және ілгерілетуге белсенді жәрдемдесуге;

заманауи технологиялар мен инновацияларды қолдана отырып жобаларды іске асыруға;

осы Меморандумның мақсаттары мен міндеттерінен туындайтын ақпаратпен алмасуға ниеттенеді.

4. Басқа шарттар

4.1. Осы Меморандум оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол Тараптардың өзара келісімі бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша екінші Тарапты кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, бұзылған сәтке дейін белгіленбеген мерзім ішінде қолданылады.


4.2. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімімен ғана енгізілуі мүмкін.

4.3. Осы Меморандум екі данада, қазақ және орыс тілдерінде, әр тарап үшін бір данадан жасалды.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы



Е. Қаңалимов



Д. Рахметуллин